

**«Заман-Банк» Ислам Банкі»
акционерлік қоғамы**

Қаржылық есептілік

*2024 жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	1
Жиынтық кіріс туралы есеп.....	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қозғалысы туралы есеп.....	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметтің сипаты.....	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	5
3. Маңызды терминдердің анықтамасы.....	6
4. Есеп саясатының негізгі ережелері.....	7
5. Елеулі есептік пікірлер мен бағалаулар.....	17
6. Ақша қаражаты және олардың баламалары.....	19
7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек.....	20
8. Клиенттерге қарыздар.....	25
9. Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар.....	26
10. Негізгі құралдар.....	27
11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау бойынша міндеттемелер.....	28
12. Материалдық емес активтер.....	28
13. Қорлар.....	29
14. Салық салу.....	29
15. Өзге де активтер мен міндеттемелер.....	30
16. Кредиттік ұйымдардың қаражаты.....	31
17. Клиенттердің қаражаты.....	31
18. Меншікті капитал.....	31
19. Шарттық және шартты міндеттемелер.....	32
20. Мурабаха тауарлық шарттары бойынша кірістер.....	34
21. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар және құнсызданудан болған өзге де шығыстар.....	34
22. Таза комиссиялық кіріс.....	35
23. Персоналға арналған шығыстар және өзге операциялық шығыстар.....	35
24. Тәуекелдерді басқару.....	36
25. Өдіп құнды бағалау.....	49
26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау.....	52
27. Байланысты тараптармен операциялар.....	52
28. Капиталдың жеткіліктілігі.....	53
29. Зекет.....	54

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Заман Банк» Ислам Банкі» АҚ акционерлеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Заман Банк» Ислам Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс және өзге де жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде анық көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне (Кодекс) және Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз. Біз осы талаптар мен Кодексте белгіленген өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Біз 2024 жыл ішінде Банк транзакциялық шот арқылы бір клиенттен едәуір сапым тартқанына назар аударамыз, бұл есепті күнгі міндеттемелердің жалпы сомасының 59%-ын құрады. Бұл операция 2025 жылғы 5 қаңтарда жабылғанына қарамастан, оның көлемі бір контрагентке жоғары шоғырлануға себепші болды, бұл қаржылық есептіліктің 17-ескертпесінде көрсетілген.

2024 жылы қосымша 2023 жылмен салыстырғанда шетел валютасымен операциялардан түсетін кірістердің 1,5 есе өсуі тіркелді, бұл Банк кірістерінің құрылымына әсер етті.

Аудит шеңберінде біз көрсетілген операцияларды талдау, растау және дұрыстығын тексеру және оларды қаржылық есептілікте ашу бойынша тиісті рәсімдерді жүргіздік.

5-ескертпеде көрсетілгендей, осы қаржылық есептілік шығарылған күні Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес Банктің 2024 және 2023 жылдардағы қызметінің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының («Заң») Шариғатты сақтау бөлігіндегі талаптарына сәйкестігі туралы өз есебін әлі ұсынбады.

Біз сондай-ақ қаржылық есептілікке 5-ескертпеге назар аударамыз, онда Банк үшін күтілетін кредиттік залалдарға резервті есептеу кезінде өткен оқиғалар туралы елеулі расталатын деректерсіз болашақ оқиғалардың даму ықтималдықтары мен сценарийлерін өзіндік бағалауға негізделу қажеттігі көрсетіледі.

Біз жоғарыда көрсетілген мәселелерге байланысты түрлендірілген пікір білдірмейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Банктің қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруға ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне жеке немесе жиынтықта әсер етуі мүмкін деп негізді болжауға болса, елеулі болып саналады.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудиторлық тексеру барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды шығарамыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде - нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырып, олардың назарына, оның ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері және аудитордың назарын аударған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.



Бақыт Жұмаділов

Шолу тексеру бойынша тапсырманың жетекшісі

Аудитордың біліктілік куәлігінің № MF-0001686,
30.06.2021 жыл



Шолпанай Құдайбергенова

«Russell Bedford A+ Partners» ХК» ЖШС
Бас директоры

Аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған № 18013076 мемлекеттік
лицензиясын Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік
аудит комитеті 2018 жылғы 03 шілдеде
берген.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Рауан көшесі, 53А

2025 жылғы «12» мамыр



2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	Еск.	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	35.918,408	6.634,445
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7	12.947,034	15.070,937
Клиенттерге қарыздар	8	—	—
Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар	9	558,659	484,984
Негізгі құралдар	10	108,726	67,487
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	11	273,510	238,420
Материалдық емес активтер	12	274,064	209,084
Қорлар	13	190,952	191,252
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		28,136	57,725
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	14	19,565	12,229
Өзге де активтер	15	923,995	466,819
Активтер жиыны		51.243,049	23.433,382
Міндеттемелер			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	16	966,165	691,764
Клиенттердің қаражаты	17	34.533,387	8.727,296
Вакала және Мудараба пулдарының салымшылары алдындағы міндеттемелер	19	255,328	181,292
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	19	2.424,672	970,925
Жалдау бойынша міндеттемелер	11	295,510	253,642
Өзге де міндеттемелер	15	206,837	182,298
Міндеттемелер жиыны		38.681,899	11.007,217
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	18	10.050,000	10.050,000
Қосымша төленген капитал		122,037	122,037
Бөлінбеген пайда		2.389,113	2.254,128
Меншікті капитал жиыны		12.561,150	12.426,165
Міндеттемелер мен меншікті капиталдың жиыны		51.243,049	23.433,382

Банк Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілген:

Гульфаруз Ерланқызы Асаева

Басқарма Төрайымы

Гаухар Қоңырбайқызы Шатанова

Бас бухгалтер

2025 жылғы 12 мамыр.



2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(мың теңгемен)

	Еск.	2024 жыл	2023 жыл
Исламдық қаржыландыру бойынша қызметтен кірістер			
Тауарлық Мурабаха шарттары бойынша кірістер	20	1,054,446	1,603,089
Таварруж шарттары бойынша кірістер		853,504	158,951
		<u>1,907,950</u>	<u>1,762,040</u>
Өзге де қаржылық шығыстар			
Исламдық инвестициялық депозиттер бойынша депозиторлар пайдасының үлесі		(70,409)	—
Жалдау бойынша міндеттемелер	11	(46,242)	(41,289)
		<u>(116,651)</u>	<u>(41,289)</u>
Таза қаржылық кіріс		<u>1,791,299</u>	<u>1,720,751</u>
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	21	<u>(3,932,375)</u>	<u>(213,637)</u>
Таза қаржылық (залал)/кредиттік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі кіріс		<u>(2,141,076)</u>	<u>1,507,114</u>
Таза комиссиялық кіріс	22	<u>309,336</u>	<u>497,851</u>
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза кірістер:			
- сауда операциялары		3,105,017	285,226
- валюталық баптарды қайта бағалау		807,532	(41,347)
Өзге де кірістер		16,262	41,109
Қаржылық емес кіріс		<u>4,238,147</u>	<u>782,839</u>
Персоналға жұмсалатын шығыстар	23	<u>(850,448)</u>	<u>(450,384)</u>
Өзге операциялық шығыстар	23	<u>(657,571)</u>	<u>(549,143)</u>
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті бастапқы тану кезіндегі залал	7	<u>(415,992)</u>	<u>(1,141,275)</u>
Қаржылық емес шығыстар		<u>(1,924,011)</u>	<u>(2,140,802)</u>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		<u>173,060</u>	<u>149,151</u>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	14	<u>(38,075)</u>	<u>(143,829)</u>
Жыл ішіндегі пайда		<u>134,985</u>	<u>5,322</u>
Өзге де жиынтық кіріс		<u>—</u>	<u>—</u>
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		<u>134,985</u>	<u>5,322</u>



2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	<i>Жарғылық капитал</i>	<i>Толық төленген капитал</i>	<i>Бөлінбеген пайда</i>	<i>Меншікті капитал жынымы</i>
2022 жылғы 31 желтоқсанға	10.050.000	122.037	2.248.806	12.420.843
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	—	—	5.322	5.322
2023 жылғы 31 желтоқсанға	10.050.000	122.037	2.254.128	12.426.165
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	—	—	134.985	134.985
2024 жылғы 31 желтоқсанға	10.050.000	122.037	2.389.113	12.561.150



2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(мың теңгемен)

	Еск.	2024 жыл	2023 жыл
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Исламдық қаржыландыру бойынша қызметтен алынған кірістер		1.196.288	2.433.433
Алынған комиссиялар		591.157	553.790
Төленген комиссиялар		(322.027)	(65.983)
Исламдық инвестициялық депозиттер бойынша депозиторлар пайдасының үлесі		(68.889)	—
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі іске асырылған кірістер		3.105.017	285.226
Алынған өзге де кірістер		212.503	5.250
Төленген персоналға арналған шығыстар		(850.448)	(450.384)
Төленген өзге де операциялық шығыстар		(511.012)	(427.919)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары		3.352.589	2.333.413
<i>Операциялық активтердегі таза (үлғаю)/азаяу</i>			
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек		(90.131)	(2.441.262)
Клиенттерге қарыздар		10.000	—
Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар		(38.614)	(246.090)
Қорлар		300	(23)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		(35.090)	47.353
Өзге де активтер		(483.314)	(149.065)
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза (азаяу)/үлғаю</i>			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		274.401	(33.229)
Клиенттердің қаражаты		25.806.091	(9.737.460)
Вакала және Мудараба пулдарының салымшылары алдындағы міндеттемелер		72.516	(146.762)
Жалдау бойынша міндеттемелер		149.763	73.223
Өзге де міндеттемелер		32.329	(14.958)
Міндеттемелерге резервтер және күтпеген шығыстар		—	323.824
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі таза ақша ағындары		29.050.840	(9.991.036)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(15.822)	(49.600)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/(шығуы)		29.035.018	(10.040.636)
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу	10	(77.497)	(36.312)
Материалдық емес активтерді сатып алу	12	(176.032)	(32.584)
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатын таза жұмсау		(253.529)	(68.896)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары			
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	11	(154.137)	(157.109)
Қаржы қызметіндегі ақша қаражатын таза жұмсау		(154.137)	(157.109)
Күтілетін кредиттік залалдардың ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері	6	45.144	(13.463)
Айырбастау бағамдары өзгеруінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		611.467	(1.413)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза үлғаюы/(азаяуы)		29.283.963	(10.211.517)
2024 жылғы 1 қаңтарға ақша қаражаты және олардың баламалары		6.634.445	16.015.962
Ақша қаражаты және олардың баламалары, 2024 жылғы 31 желтоқсанға	6	35.918.408	5.804.445

Қоса беріліп отырған № 1-29 ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

1. Қызметтің сипаттамасы

«Заман-Банк» Ислам Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Банк») өз қызметін Қазақстан Республикасында 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. 2017 жылы Банк Ислам банкі болып қайта құрылды, атауы өзгертілді және «Заман-Банк» Ислам банкі» акционерлік қоғамы ретінде ресми тіркелді.

Банк өз қызметін алдыңғы лицензияларды алмастыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») 2017 жылғы 17 тамызда берген № 1.3.51 бас банктік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. Банктің қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – «ҚРА») реттейді.

Банк ислам банк қызметімен айналысады және өз операцияларын Астана қаласындағы өзінің бас кеңсесі және Алматы мен Екібастұз қалаларындағы филиалдары арқылы жүзеге асырады. Банк халықтан салымдарды қабылдайды, Шариғаттың нормалары мен ережелері негізінде қаржы операцияларын ұсынады. Қазақстан бойынша және одан тысқары жерлерде ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады, валюта айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға өзге де банк қызметтерін көрсетеді.

Банктің бас кеңсесінің тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Рахымжан Қошқарбаев көшесі, 1а ғимараты, 3-т.е.ж., 301-кеңсе.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің акционерлері мынадай заңды және жеке тұлғалар болды:

<i>Акционер</i>	<i>2024 жыл</i> <i>(%)</i>	<i>2023 жыл</i> <i>(%)</i>
А.Т. Абғужинов	57,3	70,0
Ю. Гусев	10,0	-
Н. Расковалов	10,0	-
Ш.Д. Сваров	9,6	9,6
Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясы	5,0	5,0
Т.С. Абғужинов	4,0	4,0
С.Е. Бейсембаева	-	7,3
Жеке алғанда 3%-дан кем иеленетін өзге акционерлер	4,1	4,1
Жыны	100,0	100,0

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің және Басқарма мүшелерінің бақылауында Банктің 491.000 жай акциялары немесе 4,91% болды.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы ақпарат

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде белгіленгенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған. Осы қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, акцияға арналған соманы қоспағанда, мың теңгемен ұсынылған.

Геосаяси жағдай

Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстың нәтижесінде көптеген елдер жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына қарсы жаңа санкциялар енгізген және енгізуді жалғастырады. Санкциялар Беларусь Республикасына да енгізілді.

Қор және валюта нарықтарындағы құбылмалылық, импорт пен экспортты шектеу, жергілікті ресурстарға, материалдар мен көрсетілетін қызметтерге қол жетімділік белсенді қызмет жүргізетін немесе Ресей Федерациясымен, Беларусь Республикасымен немесе Украинамен елеулі байланыстары бар компанияларға тікелей әсер етеді. Алайда қалыптасқан жағдайдың салдары қақтығысқа қатысушы елдерге тікелей қатысы бар компанияларға ғана тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

Елдік тәуекелді басқару мақсатында Банк тұрақты түрде қайта қаралатын Банктің алқалы операция бойынша есептілік лимиттер шеңберінде қарсы агенттермен операцияларды бақылайды.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Геосанси жағдай (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ресейлік контрагенттерге ақшалай қаражатпен және олардың баламаларымен ұсынылған талаптардың шоғырлануы 3.273 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 48.895 мың теңге) құрады. 2024 жылы кейбір ресейлік контрагенттер АҚШ-тың санкциялық тізімдеріне енгізілді, олар бойынша ақшалай қаражатпен және олардың баламаларымен ұсынылған талаптар 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.585 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 21.479 мың теңге).

3. Маңызды терминдерді анықтау

Шариғат

Шариғат – бұл мұсылман құқығының жинағы және қасиетті Құран мен Пайғамбар Сүннетінен шығады. Банк исламдық қаржы мекемесі бола отырып, өз қызметіне Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес түсіндіргендей, Шариғаттың қағидаттары мен нормаларын қамтиды.

Тауарлық Мурабаха және Таваррук

Мурабаха - бұл Банк/контрагент-банк тауарды брокерден немесе өнім берушіден сатып алатын және осы тауарды іс жүзінде немесе сындарлы иеленуді сатып алатын, содан кейін оны кейінге қалдырылған үстемеақы төлемі негізінде клиентке/Банкке сататын қаржыландыру әдісі. Тауарлық Мурабаха/Таваррук шартына сәйкес клиент/Банк кейіннен сол активті тез арада жеткізу және төлеу шартымен үшінші тарапқа сатады және ақыр соңында клиент/Банк екінші сатудан түскен табыстан қолма-қол ақша алады. Негізінен базалық актив платина немесе палладий сияқты жоғары өтімді тауар болып табылады. Шариғат қағидаттарына сәйкес алтын мен күміс ақша қаражаты болып саналады және осы мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

Иджара

Жалға алу мерзімінің соңында меншік құқығын бере отырып, белгілі бір активті жалға алу (сондай-ақ Иджара Мунтахия Битамлеек ретінде белгілі) – бұл келісім бойынша Банк инеті туралы өтініште ұсынылған клиенттің инетіне сәйкес активті сатып алады, содан кейін оны жалға беруші ретінде, жалға алушы ретінде әрекет ете отырып, жалға береді белгілі бір кезең ішінде төлемақы.

Жалдау мерзімінің ұзақтығы, сондай-ақ жалдау үшін негіздеме жалдау шартында баяндалған және келісілген. Банк жалға берудің бүкіл мерзімі ішінде активке меншік құқығын иеленеді. Келісімнің қолданылуы жалға алушы міндеттемені жалға алу мерзімінің ішінде немесе соңында орындағанынан кейін активке меншік құқығын жалға алушыға беру жолымен аяқталуы мүмкін.

Мудараба

Мудараба шарттық келісім болып табылады, ол бойынша екі немесе одан да көп тарап шаруашылық қызмет бойынша өзіне міндеттеме алады. Мудараба капитал берген тарап пен өзінің кәсіпкерлік қабілеттерін берген тарап арасындағы пайдаға үлестік қатысу болып табылады. Ол қаражат кезі ретінде инвестициялық шот ұстаушылар мен Мудариб ретінде Банк арасында жасалуы мүмкін. Банк, лауазымдық теріс қылмық, ұқыпсыздық немесе Банктің келісілген шарттарды бұзуы нәтижесінде шығындар туындаған жағдайларды қоспағанда, пайда екі тараптың уағдаластығы негізінде бөлінеді, ал шығындарды қаржыландырушы тарап көтереді деген шартпен инвестициялық қаражатты қабылдауға өзінің дайын екендігі туралы хабарлайды, бұл жағдайда мұндай шығындарды Банк көтереді.

Салымшылар пулы

Пулдар (корлар) – бұл қатысушылардың пайдасы пулға түсетін және алдын ала келісімдер бойынша бөлінетін валюта бойынша бірлесіп инвестициялау мақсаттары үшін салымдарды ықпалдастыру нысаны. Банктің ішкі саясаты Мудараба және Вакала салымшылары үшін валюта бойынша салымшылар пулын (доллар және теңге пулы), Сукуков пулын және қаржыландыру көздеріне қарай акционерлер пулын, сондай-ақ бірнеше пулды бірлесіп қаржыландыруды көздейді.

Тиісті депозиттерді мерзімінен бұрын бұзу немесе өтеу салдарынан салымшылардың активтері мен инвестициялық депозиттері арасындағы ықтимал сәйкессіздікті ескере отырып, пулда табылған пайда мен тапшылық басқа пулдар есебінен қаржыландырылуы мүмкін. Пулдар арасындағы қаржыландыру және қаржыландырудың шариғаттық нысанын қабылдайды және пулды бөлу және қаржыландыру шарттарымен реттеледі.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

3. Маңызды терминдерді анықтау (жалғасы)

Вакала

Инвестор нақты талаптарға сәйкес белгілі бір сыйақыға (паушалдық сома немесе инвестицияланған сомадан пайда) айырбасқа оларды инвестициялайтын агентке акшаның белгілі бір сомасын беретін шарт. Агентке қызметтер үшін сыйақы ретінде алдын ала кезісілген болжамды пайда нормасынан артық өсім берілуі мүмкін. Агент инвестицияланған соманы ол ұқыпсыз немесе Вакаланың шарттарын бұзған жағдайда қайтаруға міндетті.

Кард Хассан

«Кард Хассан» қысқа мерзімді дебиторлық берешегі клиент сол сома келісілген мерзімнің соңында қайтарылуға тиіс екенін түсіне отырып, белгілі бір мерзімге қаражат алатын пайдасыз қаржылық дебиторлық берешек болып табылады.

Зекет

Бұл құқық материалдық құндылықтардың белгілі бір деңгейіне жеткен кезде орындалу мерзімі басталады және алушылардың белгілі бір санаттарына төленуге тиіс. Бұл осы шарттар сақталған кезде абсолюттік міндеттеме болып табылады.

4. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк алғаш рет 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген стандарттарға кейбір түзетулерді қолданды (егер өзгеше көрсетілмесе). Банк шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған:

- ХКЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» түзетулері: міндеттемелерді ұсыну бойынша неғұрлым нақты басшылықты қамтамасыз ете отырып, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді жіктеу критерийлерін нақтылайды.
- ХКЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салықтар» түзетулері: қолдануда біркелкілікті қамтамасыз ете отырып, активтердің де, міндеттемелердің де туындауына әкелетін операцияларға қатысты кейінге қалдырылған салықтарды есепке алуға қатысты.
- ХКЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХКЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулері: қаржылық есептілікті пайдаланушыларға осындай келісімдердің компанияның міндеттемелері мен ақша ағындарына әсерін жақсы түсінуге мүмкіндік бере отырып, өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдерге қатысты ашықтықты арттыруға бағытталған.
- ХКЕС (IFRS) 16 «Жалдау» түзетулері: жалға алушылар мен жалға берушілердің қаржылық есептілігінде осындай операцияларды неғұрлым дәл көрсетуді қамтамасыз ете отырып, кері жалдаумен сату операциялары кезінде жалдау бойынша міндеттемелерді есепке алуға қатысты нақтылаулар енгізеді.

2024 жылы күшіне енген стандарттар мен интерпретацияларға түзетулерді қабылдау Банктің қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

Әділ құнды бағалау

Банк пайда немесе залал арқылы әділ құн (ПЗӘҚ) және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн (ӨЖКӘҚ) бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн активті сату үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле барысында міндеттемені беру кезінде төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле:

- Осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- Негізгі нарық болмаған кезде осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді қаржылық баға асырылуын көздейді.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгеммен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Банктің негізгі немесе неғұрлым тиімді нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар өздерінің үздік экономикалық мүдделері үшін әрекет еткен жағдайда пайдалануы мүмкін жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының не активті неғұрлым үздік және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы не осы активті неғұрлым үздік және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын басқа нарық қатысушысына оны сату арқылы экономикалық пайданы туындату қабілетін назарға алады.

Банк қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді бағалау модельдерін пайдаланады, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн кездерінің иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленімдері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер әділ құнды бағалау үшін елеулі бағалау модельдері нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылады.
- 3-деңгей – сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер әділ құнды бағалау үшін елеулі бағалау модельдері нарықта байқалмайды.

Қайталанатын негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Банк әрбір есепті кезеңнің аяғында жіктемені (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) қайта талдай отырып, оларды сатылық деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Танылған күні

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Банк активті немесе міндеттемелерді сатып алу бойынша міндеттемені өзіне алған күні көрсетіледі. Стандартты талаптармен сатып алуға немесе сатуға қаржы активтері мен міндеттемелерді шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде жеткізу талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПЗӨҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары

Банк өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және активтердің шарттық талаптары негізінде:

- Амортизацияланған құн;
- ӨЖКӨҚ;
- ПЗӨҚ.

Банк саудаға арналған туынды құралдар мен құралдарды ПЗӨҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану принциптерін қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе елеуір азайтуға мүмкіндік берсе, Банк өз қалауы бойынша қаржы құралдарын жіктей алады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Қаржыландыруды және қаржылық кепілдіктерді ұсыну бойынша міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және Ислам туынды құралдарына арналған болса, амортизацияланған құн бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады не ұйымның қалауы бойынша әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қарыздар

Банк кредиттік ұйымдардағы қаражатты, исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті және клиенттерге қарыздарды амортизацияланған құны бойынша, егер мынадай талаптардың екеуі де орындалса ғана бағалайды:

- Қаржы активі мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері тек қана борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайданың есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді (SPPI).

Осы шарттар төменде неғұрлым егжей-тегжейлі қаралады.

Бизнес-модельді бағалау

Банк бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқару қалай жүзеге асырылатынын ең жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Банктің бизнес-моделі жекелеген құралдар деңгейінде емес, портфельдерді біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделеді:

- Бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқару персоналына қалай хабарланады;
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсіліне әсер ететін тәуекелдер;
- Бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделді ме);
- Күтілетін сату жиілігі, көлемі мен мерзімі де Банктің бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескермей, пайда болуы негізді күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танылғаннан кейін ақша ағындары Банктің күтуінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, Банк осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ бұдан әрі жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде осындай ақпаратты назарға алады.

Тест «негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне тек борыш пен пайдаға арналған төлемдер» (SPPI тест)

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Банк шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайданың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне тек қана төлемдер болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI тест).

Осы тесттің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлемдер немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредиттік шарт шеңберіндегі пайданың неғұрлым маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтеу және кредиттік тәуекел үшін өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Банк орындау факторларын, мысалы, қаржы активі қандай валютада көрсетілген және пайда мөлшерлемесі белгіленген сәйкес қолданады және талдайды.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Сонымен қатар, базалық кредиттік келісіммен байланысты емес шартта көзделген ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырағыштығына немесе құбылмалылығына негұрлым елемейтін аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген ақша ағындарының туындауына себепші болмайды, олар негізгі соманың негізгі сомасы мен өтелмеген бөлігіне пайданың есебіне ғана төлемдер болып табылады қарыз. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

Исламдық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер

Банк исламдық қаржыландыру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады. Бастапқы танылғаннан кейін Банк пайда немесе залал туралы есепте танылған жинақталған амортизацияны және күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) бағалау резервін шегере отырып, бастапқы танылған соманың ең үлкен шамасы бойынша әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін бағалайды.

Исламдық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Банк міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде клиентке алдын ала келісілген шарттарда қаржыландыруды беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттарындағы сияқты, осындай міндеттемелерге қатысты ККЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

Орындау кепілдіктері

Орындау кепілдіктері – егер екінші тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақы беретін шарттар. Орындау кепілдіктері кредиттік тәуекелді бермейді. Орындау кепілдігі бар шарт бойынша тәуекел басқа тараптың шартта көзделген міндеттері орындалмауының мүмкіндігі болып табылады. Тінісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылмайды және сондықтан ХКЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жатпайды.

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге қарыздар

Клиенттерге қарыздар және Мурабаха шарттары бойынша дебиторлық берешекті қамтитын исламдық қаржыландыру бойынша қызмет бойынша дебиторлық берешек - бұл тіркелген төлемдермен белсенді нарықта айналыспайтын туынды емес қаржы активтері. Ол жақын болашақта дереу сатуға немесе сатуға емес, шарттық ақша ағындарын алуға арналған. Активтер пайданың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар осындай активтердің істен шығуы немесе құнсыздануы кезінде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе залалда көрсетіледі. Исламдық қаржыландыру бойынша қызметтен дебиторлық берешек Мурабаха шарттары бойынша түсімдерден тұрады. Мурабаха шарттары бойынша дебиторлық берешек құнсыздануға резервті шегергендегі амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Исламдық қаржыландыру жөніндегі қызмет екі көзден қаржыландырылады: 1) Банктің баланста ескерілетін өз қаражаты; 2) Вакала және Мудараба шарттары бойынша алынған қаражат. Вакала мен Мудараба шарттарының шарттарына сәйкес Банк тәуекел етпейді және мұндай қаражат баланстан тыс баптар ретінде ескеріледі. Вакала және Мудараба шарттары мерзімінен бұрын бұзылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда, бұл активтерді өтеу мерзімдерінің ықтимал сәйкессіздігіне әкелуі мүмкін, туындаған тапшылықты Банк өз қаражатынан қаржыландыруы мүмкін және актив ретінде қаржылық жағдай туралы есепте ескерілген.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Банк қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгерткен ерекше жағдайларды қоспағанда, Банк оларды бастапқы танығаннан кейін қайта сыныптамайды. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2024 жылы Банк қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктемеді.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салыбаған қолма-қол ақша қаражатын, міндетті резервтерді, ҚРҰБ-дегі қаражатты және туындаған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде өтеу мерзімі бар басқа банктердегі қаражатты қамтиды.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың компоненттері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің не ақша қаражатын немесе өзге қаржы активтерін жеткізу, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау жолымен өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар кредиттік ұйымдардың қаражатын және клиенттердің қаражатын қамтиды. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайда мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тануды тоқтату кезінде пайданың немесе залалдың құрамында, сондай-ақ амортизация процесінде көрсетіледі.

Жалдау

1. Банк жалға алушы ретінде

Банк құны төмен активтерді қысқа мерзімді жалдау мен жалға беруден басқа, барлық жалдау шарттарын тану мен бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Банк жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Банк жалға беру басталған күнге пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау басталған күні немесе жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергендегі осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау төлемдерін қамтиды. Егер Банкте жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы болатындығына жеткілікті сенімділік болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа: активті ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Банк жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдері жалға алу бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегергендегі тіркелген төлемдерді (оның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдерді), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болатын ауыспалы жалдау төлемдерін және тарату құнының келіп-кіретін бойынша төленуі күтілетін сомаларды қамтиды. Жалға алу төлемдері сондай-ақ, егер Банктің осы опционыды орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасын және егер жалға алу мерзімі Банктің жалға алуды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсететін болса, жалға алуды тоқтату үшін айыппұлдар төлеуді қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталған кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін, егер жалдау шартында көрсетілген пайда мөлшерлемесін оңай анықтау мүмкін болмаса, Банк жалдау басталған күнгі қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайда мөлшерлемесін есептеуді көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, модификацияланған, жалдау мерзімі өзгерген, тіркелген жалдау төлемдерінің мәні бойынша өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.

Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау

Банк қысқа мерзімді жалдауға қатысты танудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына сәйкес жалдау басталған күні көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алу опционы жоқ жалдауға қолданады. Банк сондай-ақ құны төмен деп есептелетін (яғни 2.400 мың теңгеге дейін) қысқа мерзімді жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалдауға қатысты танудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде жетік және өзінен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

ii. Операциялық жалдау – Банк жалға беруші ретінде

Банк активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды бермейтін жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудан түсетін пайда жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен есепке алынады және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе залал туралы есепте түсімнің құрамына енгізіледі. Операциялық жалдау шарттарын келісу және жасасу процесінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалдаудан түскен кіріс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау төлемдері олар алынған кезеңде түсім ретінде танылады.

iii. Қаржылық жалдау – Банк жалға беруші ретінде

Банк жалдау мерзімі басталған күннен бастап жалдауға таза инвестицияларға тең сомала жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті көрсетеді. Қаржылық кіріс таза инвестициялардың баланстық сомасына кірістіліктің тұрақты кезеңдік нормасын көрсететін схема бойынша есептеледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасының құрамында ескеріледі.

Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме қаржылық жағдай туралы есепте нетто-шаманы ұсына отырып, танылған сомаларды есепке жатқызуды жүзеге асыруға заңды қорғалған құқық болғанда және нетто-негізде есеп айырысуды жүзеге асыру не активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау ниеті болғанда өзара есепке алуға жатады. Сынақты жүзеге асыру құқығы болашақтағы оқиғаға байланысты болмауға тиіс және мынадай барлық жағдайларда заңды қорғалуға тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- дефолт жағдайында; және
- ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомала көрсетіледі.

Қаржы құралдарын қайта құрылымдау

Банк мүмкіндігінше кепілге өндіріп алудың орнына қаржы құралдары бойынша шарттарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және қаржыландырудың жаңа шарттарын келісуге ұмтылады.

Егер шарттың талаптары шын мәнінде жаңа қаржыландыру болатындай болып қайта қаралатын болса, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылатын болса, Банк қаржы активін, мысалы, клиентке берілген қаржы құралын тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде құрылған қаржы құралы сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған актив (СҚКҚ) болып есептелетін жағдайларды қоспағанда, ККЗ-ны бағалау максаттары үшін 1-кезеңге жатқызылады. Клиентке қаржыландыруды тануды тоқтату қажеттігін бағалау кезінде Банк өзгелермен қатар мынадай факторларды қарастырады:

- қаржыландыру валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- модификацияның құрал бұдан былай SPPI тестінің критерийлеріне жауап бермеуіне алып келетіні.

Егер түрлендіру ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Пайданың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе залал туралы есепте модификациядан болған шығыстарды шегере отырып, кірістер құрамында ұсынылатын пайданы немесе залалды таныды.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалға алу (жалғасы)

III. Банк жалға беруші ретінде – қаржылық жалдау (жалғасы)

Тануды тоқтатуға алып келмейтін түрлендіру жағдайында Банк сондай-ақ кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюының немесе активтерді кредиттік құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігінің болуын қайта бағалайды. Активті түрлендіру нәтижесінде кредиттік құнсызданған ретінде жіктегеннен кейін ол кем дегенде 12 айлық сынақ кезеңі ішінде 3-кезеңнің құрамында қалады. 3-кезеңнен қайта құрылымдалған қаржыландыруды аудару үшін түрлендірілген төлем кестесіне сәйкес барлық сынақ кезеңі ішінде негізгі борыштың немесе пайданың елеусіз сомасынан артық тұрақты төлемдер қажет.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі), егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Банк активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе «транзиттік» келісім талаптарымен үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз алынған ақша ағындарын толық аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Банк не (а) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе, не (б) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды тапсырса, қаржылық жағдай туралы есепте танылуын тоқтатады.

Егер Банк активтен ақша ағындарын алуға өзінің құқықтарын берген жағдайда, бұл ретте онымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды бермесе де, өзінде сақтамаса да, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, мұндай актив Банктің осы активке жалғасып отырған қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құнының ең аз мәні және Банкке төлеуге ұсынылуы мүмкін өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Есептен шығару

Банк енді олардың құнын өтеуді күтпеген кезде ғана қаржы активтері ішінара не тұтастай есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға арналған жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырма алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ол кейін жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік залалдар бойынша шығыстарға жатады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады.

Бір қолданыстағы қаржылық міндеттемені елеулі ерекшеленетін талаптармен сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен ауыстыру кезінде немесе қолданыстағы міндеттеменің талаптарын елеулі түрлендіру жағдайында бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тану арқылы есепте көрсетіледі.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Салық салу

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақыт айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы, кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы жүзеге асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқы көрсету нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың қаржылық есептілік мақсаттары үшін баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі, оған қарсы салық базасын азайтатын осы уақытша айырмалар есепке алынуы мүмкін. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы негізге ала отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Банк қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстардың құрамында жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар күнделікті қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар ескерілмей, жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі. Мұндай құн, егер олар тану критерийлеріне сай келсе, туындаған сәтте танылатын жабықты ауыстыруға байланысты шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың баланстық құны осы активтің баланстық құнының өтелмейтінін көрсететін оқиғалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Активтің амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда басталады. Амортизация активтерді ұтымды пайдаланудың мынадай есептік мерзімдері ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	<i>Амортизация мөлшерлемелері</i>
Компьютерлер және кеңсе жабдықтары	20-50%
Көлік құралдары	15-20%
Басқалар	15-30%

Қалдық құн, ұтымды пайдалану мерзімдері және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және қайта жанартуға арналған шығыстар олардың пайда болуына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстардың құрамы жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық камтамасыз ету мен лицензияларды қамтиды.

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесіті біріктіру жөніндегі операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің нақты құны сатып алу күнгі олардың әділ құнын білдіреді. Бастапқы танылғаннан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтердің шектеулі немесе белгіленбеген ұтымды пайдалану мерзімі бар. Ұтымды пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер 1 жылдан 7 жылға дейінгі ұтымды пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздану мәніне талданады. Ұтымды пайдалану мерзімі белгіленбеген материалдық емес активтерді амортизациялау мерзімдері мен тәртібі кем дегенде жыл сайын әрбір есепті жылдың соңында талданады.

Бағалау міндеттемелері

Егер Банктің белгілі бір оқиға салдарынан бұрын заңды немесе практикамен негізделген міндеттемелері болса, оларды реттеу үшін болашақтағы экономикалық пайданы қамтитын және сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын ресурстардың кетуі үлкен ықтималдықпен талап етілсе, бағалау міндеттемелері танылады.

Зейнетақымен қамсыздандыру және жұмыскерлерге өзге де жеңілдіктер бойынша міндеттемелер

Банктің Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша схемалары жоқ, ол жұмыс берушінің ағымдағы жарналарын жұмыскерлерге ағымдағы жалпы төлемдердің пайызы ретінде есептеуді көздейді. Бұл шығыстар тиісті жалақы жататын есепті кезеңде көрсетіледі. Бұдан басқа, Банк еңбек қызметі аяқталғаннан кейін жұмыскерлерге елеулі сыйақы төлемейді.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесіті біріктіру жағдайларын қоспағанда, үшінші тараптарға жана акциялар шығарумен тікелей байланысты қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар капитал құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы азайту ретінде көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналдық құнынан алынған қаражаттың әділ құнының асып кету сомасы қосымша төленген капитал ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күндегі меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығарылымға қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте олар туралы ақпарат оларды өтеуге байланысты ресурстардың істен шығуы мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есепте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте олар туралы ақпарат олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтимал болып табылатын жағдайларда қаржылық есепте ашылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банктің экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және егер түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуға тиіс:

Қаржылық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Банк амортизацияланған құны бойынша немесе ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша түсімді кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына пайданың тиімді мөлшерлемесін қолдана отырып есептейді. Тиімді пайда мөлшерлемесі – бұл дисконттау кезінде қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе ол қолданылатын неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтірілетін болашақ ақшалай төлемдер немесе түсімдер есептелген мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайда мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны Банк төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн пайданың бастапқы тиімді мөлшерлемесі негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредит құнсызданатын қаржы активі жағдайында Банк пайданың тиімді мөлшерлемесін осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып, түсімді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және ол енді кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Банк жалпы құн негізінде түсімді есептеуге қайтарылады.

Қаржы активтерінің СҚКҚ жағдайында Банк түсімді кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген пайданың тиімді мөлшерлемесін қолданумен қаржы активінің амортизацияланған құнына есептейді. Кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайда мөлшерлемесі – бұл бастапқы тану кезінде есептелген болашақ ақша ағындарын (кредиттік залалдарды қоса алғанда) СҚКҚ активтерінің амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

ПЗӨҚ бойынша бағаланатын барлық қаржы активтері бойынша табыстар пайда немесе залал туралы есепте «Пайда бойынша өзге түсім» бабының құрамында пайданың шарттық мөлшерлемесін пайдалана отырып танылады.

Комиссиялық кірістер

Банк клиенттерге көрсететін әртүрлі қызмет түрлерінен комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық ақылар осы кезең ішінде есептеледі. Мұндай баптар комиссиялық кірістерді және көпідік бергені үшін сыяқыны қамтиды. Егер қаржы құралын пайдалану ықтималдығы жоғары болса, исламдық қаржыландыруды беру жөніндегі міндеттемелер үшін комиссиялар және қаржы құралын беруге байланысты өзге де комиссиялар болашақ кезеңдерге жатқызылады (қаржы құралын беруге тікелей байланысты шығындармен қатар) және кредит бойынша пайданың тиімді мөлшерлемесін түзету ретінде танылады.

Операциялар жасау бойынша қызмет көрсетуден комиссиялық кірістер

Үшінші тараптың атынан операция жасау жөніндегі келіссөздерді жүргізгені немесе оған қатысқаны үшін алынған комиссиялық алымдар, мысалы, акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алу не бизнесті сатып алу немесе сату кезінде келісім жасасу Банктің орындауға міндеті болып табылғанда, осындай операция аяқталғаннан кейін танылады. Аткаруға белгілі бір міндеттерге байланысты комиссиялық (немесе комиссиялық) төлемдер тиісті өлшемдер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы өтем көзделсе, комиссиялық кірістер ауыспалы өтемге тән белгісіздікті кейіннен шешу кезінде жинақтаушы қорытынды деп танылған түсім сомасының елеулі азаюы болмайтындай дәрежеде ғана танылады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік теңгемен берілген, ол функционалдық валюта және Банктің есептілігін ұсыну валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі - «ҚКБ») белгілеген және операция күні қолданыстағы ҚРҰБ жариялайтын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар «Шетел валютасымен операциялар бойынша таза кірістер/(залалдар) – валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Шетел валютасындағы нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция күні қолданылып жүрген айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құн айқындалған күні қолданыста болған айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай операция күніндегі ҚКБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің құрамына енгізіледі. 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚКБ-да белгіленген ресми айырбас бағамы тиісінше 525,11 теңгені және 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңгені құрады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар

Төменде Банктің қаржылық есебі жарияланған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер ұсынылған. Банк осы жаңа стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылса, олар күшіне енгеннен кейін қолдануды жоспарлайды:

- ХКЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»: ХКЕС (IAS) 1 ауыстырады және 2027 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Стандарт қосымша аралық қорытындыларды ұсынууды және басшылық айқындаған көрсеткіштерді ашуды қоса алғанда, қаржылық нәтижелер туралы есептердің салыстырмалылығы мен ашықтығын жақсартуға бағытталған.
- ХКЕС (IFRS) 19 «Жария емес еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»: жария болып табылмайтын еншілес ұйымдарға қаржылық есептілікті дайындау кезінде ақпаратты ашуға оңайлатылған талаптарды қолдану мүмкіндігін береді. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.
- ХКЕС (IAS) 21 «Валюталық бағамдар өзгерістерінің әсері» түзетулері: валюталық тәуекелдердің қаржылық есептілікте неғұрлым дәл көрсетілуін қамтамасыз ете отырып, валютаның шектеулі айырбасталымдылығы жағдайларында операцияларды есепке алуды нақтылайды. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Банк осы жаңа стандарттар мен түзетулерді олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті. Бұл түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

5. Елеулі есептік пікірлер мен бағалаулар

Пікірлер

Есеп саясатын қолдану процесінде Банк басшылығы есептік бағалаудан басқа қаржылық есептілікте көрсетілген сомаға неғұрлым елеулі әсер ететін мынадай пайымдаулар жасады:

Ұзартуға опционы бар шарттарда жалдау мерзімін айқындау

Банк жалдау мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер оның орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды тоқтатуға арналған опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындайды.

Кейбір жалдау шарттары бойынша Банкте активтерді жалдауды қосымша үш жылдан бес жылға дейін ұзартуға опцион бар. Банк өзінің ұзартуға арналған осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік бар екенін анықтау үшін пайымдауды қолданады. Бұл ретте Банк жалдауды ұзартуға арналған опционды орындау үшін экономикалық мінталандырудың туындауына әкеп соғатын барлық орынды факторларды ескереді. Жалға алу басталған күннен кейін Банк елеулі оқиға не жағдайлардың өзгеруі туындаған кезде жалға алу мерзімін қайта бағалайды, ол Банктің бақылауында болады және оның жалға беруді ұзартуға арналған опционды орындау (немесе орындамау) қабілетіне әсер етеді (мысалы, бизнес-стратегияны өзгерту).



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

5. Елеулі есептік пікірлер мен бағалаулар (жалғасы)

Шариғатқа сәйкестігі

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының («Заң») талаптарына сәйкес Банктің қызметі мен операцияларының жоғарыда аталған Заң мен Шариғат талаптарына сәйкестігін айқындауға жауапты Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес («ИҚҚК») бекітілді. 2023 жылғы Банктің Шариғатқа сәйкестігі туралы ИҚҚК есебі осы қаржылық есептілікті шығару күніне әлі ұсынылмаған. Банк басшылығы осы қаржылық есептілікті жасаған кезде Банктің 2024 жылғы барлық қызметі мен операциялары Заң мен Шариғат талаптарына сәйкес келеді деген болжамды негізге алады.

Бағалаудың белгісіздігі

Банктің есеп саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пайымдауларын пайдаланды және қаржылық есептілікте таңалған сомаларды айқындауға қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды пайдаланудың неғұрлым елеулі жағдайлары берілген:

Күтілетін кредиттік залалдар

Қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша құнсызданудан болған залалдарды бағалау пайымды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, ККЗ-ны айқындау және кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде болашақ ақша ағындарының пайда болу шамасы мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, ондағы өзгерістер құнсыздануға бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Банктің ККЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректерді таңдауға және олардың өзара тәуелділігіне қатысты бірқатар базалық жорамалдарды қамтитын күрделі үлгілердің нәтижесі болып табылады. Күтілген қаржылық қиындықтар жағдайында қарыз алушы үшін бірқатар жеңілдіктерді талап ететін Шариғатқа сәйкес келу қажеттілігін ескере отырып, Банк көп жағдайда өткен оқиғалар туралы елеулі расталатын деректерсіз болашақ оқиғалардың даму ықтималдықтары мен сценарийлерін өз бағалауына сүйенеді. Пайымдаулар мен есептік бағалар болып саналатын ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналар жатады:

- Дефолт ықтималдығын (PD) айқындау үшін Банк пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингті беру жүйесі;
- Банк кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау үшін пайдаланатын өлшемшарттар, соның негізінде қаржы активтері бойынша құнсыздануға бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомалар бағалануға тиіс және сапалық бағалау;
- Қаржы активтерін олар бойынша топтық негізде бағаланатын топтарға біріктіру;
- Әртүрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдауды қоса алғанда, ККЗ есептеу модельдерін әзірлеу;
- Макроэкономикалық көрсеткіштер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындау, мысалы, ЖІӨ өсу деңгейі мен клиенттің қаржылық жай-күйі, сондай-ақ дефолттың ықтималдық көрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшыраған шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі залалдар деңгейіне (LGD) әсер ету.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі жұмыс істейді. Қолданыстағы салықтар қосылған құн салығын, корпоративтік табыс салығын, әлеуметтік және өзге де салықтарды қамтиды. Нормативтік-құқықтық актілерді қолдану жөніндегі атқарушылық өкімдер көбінесе түсініксіз болып табылады немесе мүлдем жоқ және елестірілген мөлшерде прецеденттер анықталды. Ведомстволар арасында да, бір ведомствоның ішінде де ережелерді заңдық тұрғыдан түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл кейбір белгісіздік пен жанжалды жағдайларды тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңдық реттеудің басқа салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімдер мен тұрақсыздық айыптарын салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында болады. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасы неғұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда, Қазақстан Республикасында салықтық тәуекелдер ықтималдығының үлкен дәрежесін құрайды.

Басшылық Банк оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен сәйкесінше әрекет етіп ұстанады деп санайды. Алайда, даулы салық мәселелеріне қатысты тиісті органдардың өзге де позициялары болу қаупі бар.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

5. Елеулі есептік пікірлер мен бағалаулар (жалғасы)**Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)***Жалдау – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау*

Банк жалдау шартында көрсетілген пайда мөлшерлемесін оңай анықтай алмайды, сондықтан ол жалдау бойынша міндеттемелерді бағалау үшін қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл Банк ұқсас мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде құны бар активті, ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы активтің ұқсас құнын алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайда мөлшерлемесі. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Банк «төлеуге тиіс» пайызды көрсетеді және оның анықтамасы, егер бақыланатын мөлшерлемелер болмаса не егер бақыланатын мөлшерлемелерді жалдау шарттарын көрсету үшін түзету қажет болса, есептік бағалауды пайдалануды талап етеді.

Банк бақыланатын бастапқы деректерді (нарықтық пайда мөлшерлемелері сияқты) пайдалана отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін олар болған кезде айқындайды және ұйымға тән белгілі бір есептік бағаларды пайдаланады.

6. Ақша қаражаты және олардың баламалары

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Қолма-қол ақша	496.861	1.204.539
ҚРҰБ-дегі ағымдағы шоттардағы қаражат	421.293	358.482
ҚРҰБ-де келісімшарт мерзімі 90 күнге дейінгі Мурабаха Таваррух	3.601.425	2.402.951
Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы қаражат	31.402.102	2.716.890
	35.921.681	6.682.862
ККЗ-ға арналған бағалау резервін шегергенде	(3.273)	(48.417)
Ақша қаражаты және олардың баламалары	35.918.408	6.634.445

Қазақстан заңнамасына сәйкес Банк Банктің белгілі бір міндеттемелерінің пайызы ретінде есептелген міндетті резервтердің белгілі бір мөлшерін қолдауға міндетті. Мұндай резервтер ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттарда немесе қолма-қол ақша массасында ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттардағы ақша қаражатының жиынтық сомасының орташа айлық қалдықтары немесе резервтерді қалыптастыру кезеңінде ұлттық немесе шетел валюталарындағы қолма-қол ақша қаражаты мөлшерінде ұсталуға тиіс. Осыған қарамастан, Банк бұл қаражатты өзінің күнделікті қызметінде пайдалануды шектемейді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндетті резервтер 3.273 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 48.417 мың теңге) құрады.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ақшалай баламалардың ККЗ-ға арналған бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиын
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ резерві	–	–	(48.417)	(48.417)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	–	(1.688)	–	(1.688)
Өтелген активтер	–	–	46.884	46.884
ККЗ таза өзгеруі	–	–	(52)	(52)
2024 жылғы 31 желтоқсанға ККЗ резерві	–	(1.688)	(1.585)	(3.273)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай баламаларға арналған бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиын
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ резерві	(1.688)	(20.301)	(12.965)	(34.954)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	–	–	–	–
Өтелген активтер	–	–	–	–
3-кезеңге аударымдар	1.688	20.301	(21.989)	–
ККЗ таза өзгеруі	–	–	(13.463)	(13.463)
2023 жылғы 31 желтоқсанға ККЗ резерві	–	–	(48.417)	(48.417)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек

31 желтоқсандағы жағдай бойынша исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Тауарлық Мурабаха – корпоративтік бөлігі	18.946.237	18.745.735
Кард Хассан	8.354	11.701
Тауарлық Мурабаха – бөлшек сауда бөлігі	97.068	35.944
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек жиыны	19.051.659	18.793.380
ККЗ-ға арналған бағалау резервін шегергенде	(6.104.625)	(3.722.443)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	12.947.034	15.070.937

2024 жылы Банк нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемедер бойынша берілген исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті бастапқы тану кезінде 123.022 мың теңге (2023 жылы: 322.871 мың теңге) сомасындағы залалды және СҚКҚ активтерді бастапқы тану кезінде 449.700 мың теңге сомасындағы залалды танады (2023 жылы: 818.404 мың теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек бойынша пайда нормасы жылдық 8% -23% (2023 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 8% -21%) болды және дебиторлық берешекті өтеу мерзімі 2025-2034 жылдары (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 2024-2030 жылдары) басталады.

ККЗ-ға арналған бағалау резерві

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі корпоративтік бөлік – Тауарлық Мурабаха бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

Мурабаха тауарлық – корпоративтік бөлігі

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	252.328	1.742.500	16.008.175	742.732	18.745.735
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	2.232.300	–	–	–	2.232.300
Өтелген активтер	(695.113)	(246.725)	(1.596.691)	(131.606)	(2.670.135)
1-кезеңге аударымдар	–	–	–	–	–
2-кезеңге аударымдар	(800.281)	800.281	–	–	–
3-кезеңге аударымдар	(938.249)	(719.868)	1.658.117	–	–
Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын түрлендіруге байланысты шартта көзделген акция ағындарының өзгеруі	–	–	777.833	17.234	795.067
Дисконт амортизациясы	–	–	(126.119)	(30.611)	(156.730)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	50.985	1.576.188	16.721.315	597.749	18.946.237

Мурабаха тауарлық – корпоративтік бөлігі

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(571)	(206.350)	(3.612.566)	101.251	(3.718.236)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(236.473)	–	–	–	(236.473)
Өтелген активтер	77.642	21.251	562.295	6.932	668.120
1-кезеңге аударымдар	–	–	–	–	–
2-кезеңге аударымдар	84.776	(84.776)	–	–	–
3-кезеңге аударымдар	99.391	188.723	(288.114)	–	–
Бір Кезеңнен екіншісіне ауыстыру нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету және ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту	(30.460)	(54.609)	(2.493.400)	(194.482)	(2.772.951)
Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын түрлендіруге байланысты шартта көзделген акция ағындарының өзгеруі	–	–	(179.406)	24.203	(155.203)
Дисконт амортизациясы	–	–	96.911	30.611	127.522
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(5.695)	(135.761)	(5.914.280)	(31.485)	(6.187.221)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**ККЗ-ға арналған бағалау резерві (жалғасы)**

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі корпоративтік бөлік – Тауарлық Мурабаха бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

Мурабаха тауарлық – корпоративтік бөлігі

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жины</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы теңгерімдік құн	32.647	11.278.139	6.053.038	846.945	18.210.769
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	3.140.000	—	—	—	3.140.000
Өтелген активтер	(393.892)	(1.087.354)	(979.783)	(60.333)	(2.521.362)
1-кезеңге аударымдар	—	—	—	—	—
2-кезеңге аударымдар	(1.742.500)	1.742.500	—	—	—
3-кезеңге аударымдар	(722.265)	(10.113.216)	10.835.481	—	—
Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын түрлендіруге байланысты шартта көзделген акша ағындарының өзгеруі	(82.857)	(11.322)	189.075	(83.528)	11.368
Дисконт амортизациясы	21.195	(66.247)	(89.636)	39.648	(95.040)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	252.328	1.742.500	16.008.175	742.732	18.745.735

Мурабаха тауарлық – корпоративтік бөлігі

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жины</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерві	(1.140)	(833.714)	(2.368.660)	(399.275)	(3.602.789)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(159.437)	—	—	—	(159.437)
Өтелген активтер	18.612	103.509	627.863	99.620	849.604
1-кезеңге аударымдар	—	—	—	—	—
2-кезеңге аударымдар	206.350	(206.350)	—	—	—
3-кезеңге аударымдар	195.943	1.842.046	(2.037.989)	—	—
Бір Кезеңнен екіншісіне ауыстыру нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету және ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылған модельдер мен бастапқы деректерді өзгерту (Түзетілген)	(258.672)	(1.194.258)	192.597	412.356	(847.977)
Тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын түрлендіруге байланысты шартта көзделген акша ағындарының өзгеруі	18.968	16.170	(110.794)	28.198	(47.458)
Дисконт амортизациясы	(21.195)	66.247	84.417	(39.648)	89.821
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(571)	(206.350)	(3.612.566)	101.251	(3.718.236)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**ККЗ-ға арналған бағалау резерві (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қард Хассан бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Қард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	11.701	–	–	11.701
Жаңа құрылған активтер	–	–	–	–
Өтелген активтер	(3.347)	–	–	(3.347)
3-кезеңге аударымдар	(6.317)	–	6.317	–
2024 жылғы 31 желтоқсанға	2.037	–	6.317	8.354

<i>Қард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(49)	–	–	(49)
Жаңа құрылған активтер	–	–	–	–
Өтелген активтер	14	–	–	14
3-кезеңге аударымдар	26	–	(26)	–
Бір кезеңнен екінші кезеңге ауыстыру және ККЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету	2	–	(3.428)	(3.426)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(7)	–	(3.454)	(3.461)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін Қард Хассан бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Қард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	20.389	–	–	20.389
Жаңа құрылған активтер	–	–	–	–
Өтелген активтер	(8.688)	–	–	(8.688)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	11.701	–	–	11.701

<i>Қард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(46)	–	–	(46)
Жаңа құрылған активтер	–	–	–	–
Өтелген активтер	18	–	–	18

Бір кезеңнен екінші кезеңге ауыстыру және ККЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету	(21)	–	–	(21)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(49)	–	–	(49)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**ККЗ-ға арналған бағалау резерві (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі бөлшек сауда бөлігі – Тауарлық Мурабаха бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Мурабаха тауары - бөлшек сауда бөлігі</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	28.918	4.218	2.808	35.944
Жаңа құрылған активтер	102.099	–	–	102.099
Өтелген активтер	(33.785)	(882)	(6.308)	(40.975)
2-кезеңге аударымдар	(11.888)	11.888	–	–
3-кезеңге аударымдар	(14.077)	–	14.077	–
2024 жылғы 31 желтоқсанға	71.267	15.224	10.577	97.068

<i>Мурабаха тауары - бөлшек сауда бөлігі</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(300)	(1.736)	(2.122)	(4.158)
Жаңа құрылған активтер	(716)	–	–	(716)
Өтелген активтер	170	591	188	949
2-кезеңге аударымдар	83	(83)	–	–
3-кезеңге аударымдар	99	–	(99)	–
Бір кезеңнен екінші кезеңге ауыстыру және ККЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету	(197)	(3.642)	(6.179)	(10.018)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(861)	(4.870)	(8.212)	(13.943)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі бөлшек сауда бөлігі – Тауарлық Мурабаха бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Мурабаха тауары - бөлшек сауда бөлігі</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы теңгерімдік құн	9.344	5.257	2.658	17.259
Жаңа құрылған активтер	41.000	–	150	41.150
Өтелген активтер	(21.426)	(1.039)	–	(22.465)
2-кезеңге аударымдар	–	–	–	–
3-кезеңге аударымдар	–	–	–	–
2023 жылғы 31 желтоқсанға	28.918	4.218	2.808	35.944

<i>Мурабаха тауары - бөлшек сауда бөлігі</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(62)	(1.167)	(1.836)	(3.065)
Жаңа құрылған активтер	(313)	–	–	(313)
Өтелген активтер	75	266	–	341
2-кезеңге аударымдар	–	–	–	–
3-кезеңге аударымдар	–	–	–	–
Бір кезеңнен екінші кезеңге ауыстыру және ККЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсер ету	–	(835)	(286)	(1.121)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(300)	(1.736)	(2.122)	(4.158)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**Исламдық қаржыландыру бойынша түрлендірілген және қайта құрылымдалған дебиторлық берешек**

Егер шарттың талаптары мәні бойынша жаңа қаржы құралына айналатындай болып қайта қаралатын болса, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылатын болса, Банк қаржылық активті, мысалы, исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде исламдық қаржыландыру бойынша құрылған дебиторлық берешек СКҚК актив болып есептелетін жағдайларды қоспағанда, КҚЗ бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады.

Егер түрлендіру ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайда мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болған залал танылғанға дейін түрлендіруден болған пайданы немесе залалды таниды.

2024 және 2023 жылдар ішінде Банк кейбір корпоративтік және бөлшек сауда шарттарының шарттарын түрлендірді. Банк бұл түрлендірулерді елеусіз деп бағалайды. Осының нәтижесінде 2024 жылы Банк 794.486 мың теңге (2022 жылы: шығын 11.369 мың теңге) мөлшерінде мойындауды тоқтатуға алып келмейтін Тауарлық Мурабаха корпоративтік және бөлшек сауда шарттарының талаптарын түрлендіруден түскен кірісті таниды.

Төмендегі кестеде талаптары кезең ішінде қайта қаралған және нәтижесінде Банк шеккен түрлендіруден тиісті шығындарды көрсете отырып, қайта құрылымдалған ретінде ескерілетін активтер көрсетілген.

	2024 жыл	2023 жыл
Кезең ішінде түрлендірілген исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек		
Түрлендіруге дейінгі амортизацияланған құн	11.855.956	13.720.707
Исламдық қаржыландыру бойынша тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын дебиторлық берешекті түрлендіруден болатын таза шығын	794.486	10.597

Кредиттік сапаны арттыруды қамтамасыз ету және өзге де тетіктер

Банк ұсынуды талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің кредиттік тәуекелін бағалауға байланысты болады. Қамтамасыз ету түрлері мен бағалау параметрлеріне қатысты қағидаттар белгіленген.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша исламдық қаржыландыру шарттары бойынша дебиторлық берешек жылжымайтын мүлікпен, жылжымалы мүлікпен, тауар-материалдық қорлармен және корпоративтік көпілдіктермен қамтамасыз етілген. Басшылық қамтамасыз етудің нарықтық құнын мониторингін жүзеге асырады, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамтамасыз етуді сұратады, сондай-ақ Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалдарға бағалау резервінің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамтамасыз етудің нарықтық құнын қадағалайды.

Қамтамасыз ету немесе кредиттік сапаны арттырудың өзге тетіктері болмағанда, 3-кезеңді Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек бойынша КҚЗ 31 желтоқсанда жоғары болды:

	2024 жыл	2023 жыл
Тауарлық Мурабаха – корпоративтік бөлігі	1.655.013	460.435
	1.655.013	460.435

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті шөғырландыру

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің талаптары Банктің меншікті капиталының 10% -дан астамын құрайтын исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек шарттары бойынша бір контрагенті (2023 жылғы 31 желтоқсанда: бір контрагент) бар. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы контрагентке қойылатын талаптардың жиынтық көлемі 1.443.067 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 1.475.906 мың теңге) құрайды. Осы дебиторлық берешек бойынша 263.712 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 208.665 мың теңге) мөлшерінде КҚЗ үшін бағалау резерві танылды.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы (жалғасы)

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек Қазақстан Республикасында мынадай салаларда шоғырландырылады:

	2024 жыл	2023 жыл
Сауда кәсіпорындары	5.182.920	5.831.941
Құрылыс және қызмет көрсету	2.833.205	3.305.326
Қызметтер	2.366.802	2.843.716
Машина жасау	1.368.194	1.792.857
Өнеркәсіптік өндіріс	828.685	817.035
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	184.413	142.351
Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі	182.815	337.711
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	12.947.034	15.070.937

8. Клиенттерге қарыздар

Жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге қарыздар мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Коммерциялық несиелеу	12.803	22.803
Клиенттерге берілген заемдардың жиыны	12.803	22.803
ККЗ-ға арналған бағалау резервін шегергенде	(12.803)	(22.803)
Клиенттерге қарыздар	—	—

ККЗ-ға арналған бағалау резерві

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі коммерциялық кредиттеу бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

Коммерциялық кредиттеу	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	22.803	22.803
Өтелген активтер	(10.000)	(10.000)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	12.803	12.803

Коммерциялық кредиттеу	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(22.803)	(22.803)
Өтелген активтер	10.000	10.000
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(12.803)	(12.803)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі коммерциялық кредиттеу бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

Коммерциялық несиелеу	3-кезең	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	31.803	31.803
Өтелген активтер	(9.000)	(9.000)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	22.803	22.803

Коммерциялық кредиттеу	3-кезең	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(31.803)	(31.803)
Өтелген активтер	9.000	9.000
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсері	—	—
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(22.803)	(22.803)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

8. Клиенттерге қарыздар (жалғасы)

Кредиттік саваны арттыруды қамтамасыз ету және өзге де тетіктер

Банк ұсынуды талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің кредиттік тәуекелін бағалауға байланысты болады. Қамтамасыз ету түрлері мен бағалау параметрлеріне қатысты қағидаттар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері:

- Коммерциялық кредит беру кезінде - жылжымайтын мүлік, өндірістік жабдық, тауар-материалдық қорлар кепілі және өзге де қамтамасыз ету.

Басшылық қамтамасыз етудің нарықтық құнына мониторингті жүзеге асырады, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамтамасыз етуді сұратады, сондай-ақ ККЗ резервінің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамтамасыз етудің нарықтық құнын қалағалайды.

9. Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар

Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар Вакала және Мудараба пулдарының есебінен қаржыландырылатын активтерге Банктің инвестицияларын білдіреді және пулды бөлу және қаржыландыру қағидаларымен реттеледі. Тиісті депозиттерді мерзімінен бұрын бұзу немесе өтеу салдарынан салымшылардың активтері мен инвестициялық депозиттерінің құны арасындағы ықтимал сәйкессіздікті ескере отырып, пулда туындайтын мұндай тапшылық Банктің өз қаражаты есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге қарыздар мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Коммерциялық кредиттеу	1.775.713	1.737.099
Клиенттерге берілген қарыздардың жиыны	1.775.713	1.737.099
ККЗ-ға арналған бағалау резервін шегергенде	(1.217.054)	(1.252.115)
Клиенттерге қарыздар	558.659	484.984

ККЗ-ға арналған бағалау резерві

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар</i>	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	1.737.099	1.737.099
Тіркемелерді таза үлгійтеу	38.614	38.614
2024 жылғы 31 желтоқсанға	1.775.713	1.775.713

<i>Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар</i>	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(1.252.115)	(1.252.115)
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған үлгілер мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсері	35.061	35.061
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(1.217.054)	(1.217.054)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

9. Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар (жалғасы)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар бойынша жалпы баланстық құнның және тиісті резервтің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	1.737.099	1.737.099
Өтелген активтер	—	—
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1.737.099	1.737.099

<i>Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиын</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(1.498.205)	(1.498.205)
Өтелген активтер	—	—
ККЗ бағалау үшін пайдаланылған үлгілер мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде ККЗ-ға әсері	246.090	246.090
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(1.252.115)	(1.252.115)

Жалпы баланстық құнның және ККЗ-ға арналған тиісті резервтің өзгерістерін талдау жоғарыда көрсетілген кестелерде Банктің Вакала және Мудараба пулдарына инвестицияларының үлесін негізге ала отырып, пропорционалды негізде ұсынылған.

10. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы былайша берілген:

	<i>Компьютерлер және кеңсе жабдықтары</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Басқалар</i>	<i>Жиын</i>
Бастапқы құны				
2023 жылғы 1 қаңтарға	31.254	15.940	94.565	141.759
Түсімдер	14.690	—	21.622	36.312
Істен шығу	(2.753)	—	(27.422)	(30.175)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	43.191	15.940	88.765	147.896
Түсімдер	13.179	55.090	9.228	77.497
Істен шығу	(12.813)	—	(20.079)	(32.892)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	43.557	71.030	77.914	192.501
Жинақталған тозу				
2023 жылғы 1 қаңтарға	(16.894)	(2.125)	(48.511)	(67.530)
Жыл ішіндегі есептеу	(7.052)	(3.189)	(28.737)	(38.978)
Істен шығу	2.680	—	23.419	26.099
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(21.266)	(5.314)	(53.829)	(80.409)
Жыл ішіндегі есептеу	(9.423)	(7.779)	(18.880)	(36.082)
Істен шығу	12.772	—	19.944	32.716
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(17.917)	(13.093)	(52.765)	(83.775)
Қалдық құны				
2023 жылғы 1 қаңтарға	14.360	13.815	46.054	74.229
2023 жылғы 31 желтоқсанға	21.925	10.626	34.936	67.487
2024 жылғы 31 желтоқсанға	25.640	57.937	25.149	108.726



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау бойынша міндеттемелер

Пайдалану құқығы және жалдау бойынша міндеттемелер нысанындағы активтердің баптары бойынша қозғалыс былайша берілген:

	<i>Пайдалану құқығының нысанындағы активтер</i>	<i>Жалдау бойынша міндеттемелер</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға	285.773	296.239
Жаңа түсімдер	160.531	160.531
Істен шығу	(83.390)	(87.277)
Амортизацияны есептеу	(124.494)	—
Қаржы шығысы	—	41.258
Төлемдер	—	(157.109)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	238.420	253.642
Жаңа түсімдер	177.763	177.763
Істен шығу	(23.084)	(28.000)
Амортизацияны есептеу	(119.589)	—
Қаржы шығысы	—	46.242
Төлемдер	—	(154.137)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	273.510	295.510

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер Банктің жалдау шарттары бойынша үй-жайларды пайдалану құқығы берілген.

12. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы былайша берілген:

	<i>Бағдарламалық қамтамасыз ету және лицензиялар</i>
Бастапқы құны	
2023 жылғы 1 қаңтарға	409.809
Түсімдер	32.584
Істен шығу	(3.301)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	439.092
Түсімдер	176.032
Істен шығу	(20.865)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	594.259
Жинақталған амортизация	
2023 жылғы 1 қаңтарға	(150.843)
Жыл ішіндегі есептеу	(82.466)
Істен шығу	3.301
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(230.008)
Жыл ішіндегі есептеу	(111.052)
Істен шығу	20.865
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(320.195)
Қалдық құны	
2023 жылғы 1 қаңтарға	258.966
2023 жылғы 31 желтоқсанға	209.084
2024 жылғы 31 желтоқсанға	274.064



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

13. Қорлар

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлар қарыздарды өтеу бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған клиенттерден Банк өндіріп алған жылжымайтын мүлікті қамтиды.

14. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	45.411	57.250
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша (үнемдеу)/шығыстар - уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы	(7.336)	86.579
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	38.075	143.829

Банктің кірісіне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2024 және 2023 жылдары қолданылатын корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

Осы қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі (залал)/пайда арасындағы салыстыру мынадай түрде берілген:

	2024 жыл	2023 жыл
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	173.060	149.151
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	34.612	29.830
Салық салуға жатпайтын табыстар	(137.005)	(3.877)
Шегерімге жатқызылмайтын кредиттік залалдар бойынша шығыстар	50.025	17.986
Шегерімге жатқызылмайтын әкімшілік шығыстар	2.635	7.560
Шегерімге жатқызылмайтын өзге шығыстар	87.808	92.330
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	38.075	143.829

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ тиісті жылдардағы олардың қозғалысы мынадай позицияларды қамтиды:

	Пайда немесе залал құрамындағы уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы		Пайда немесе залал құрамындағы уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы	
	2022 жыл	2023 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Шегерілген уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері				
Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық шығындары	84.507	(84.507)	—	—
Исламдық қаржылаулар бойынша дебиторлық берешек	89.377	(89.377)	—	—
Жалдау бойынша міндеттемелер	59.248	(59.248)	—	—
Дебиторлық берешек	13.620	(2.832)	10.788	(2.609)
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша шығыстарды есептеу	5.209	450	5.659	3.023
Кәсіби қызметтер бойынша шығыстарды есептеу	4.794	(1.394)	3.400	(1.443)
Өзге де салыстар	3.088	177	3.265	10.700
	259.843	(236.731)	23.112	9.671
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша тапталмаған активтер	(84.507)	84.507	—	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	175.336	(152.224)	23.112	9.671
Салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(19.373)	8.490	(10.883)	(2.335)
Пайдалану құнына негізделген активтер	(57.155)	57.155	—	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	(76.528)	65.645	(10.883)	(2.335)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза актив	98.808	(86.579)	12.229	7.336



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

15. Өзге де активтер мен міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге активтер мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Өзге де қаржы активтері		
Кепілдіктер бойынша дебиторлар	366.045	389.954
Сатылған қорлар бойынша дебиторлық берешек	100.182	119.021
Күрделі салымдар бойынша дебиторлар	223.348	-
Кепілдік депозит	25.000	25.000
Алу үшін комиссия	49.975	17.222
Өзге де қаржы активтері	20	6.830
	764.570	558.027
ККЗ-ға арналған бағалау резервін шегергенде	(272.663)	(213.534)
Өзге қаржы активтерінің жиыны	491.907	344.493
Өзге де қаржылық емес активтер		
Бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық және консультациялық қызметтер үшін алдын ала ақы төлеу	-	-
Өзге де тауарлар мен қызметтер үшін алдын ала ақы төлеу	425.411	110.304
Басқалары	6.677	12.022
	432.088	122.326
Құнызыдануға арналған резервті шегергенде (21-ескертпе)	-	-
Өзге де қаржылық емес активтер жиыны	432.088	122.326
Өзге де активтер	923.995	466.819

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі өзге де қаржы активтері бойынша ККЗ-мен бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(599)	-	(212.935)	(213.534)
Жыл ішіндегі резервтің таза өзгеруі (21-ескертпе)	599	-	(59.728)	(59.129)
Активті есептен шығару	-	-	-	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	(272.663)	(272.663)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі өзге де қаржы активтері бойынша ККЗ-мен бағалау резервтерінің өзгерістеріне талдау берілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(1.113)	(8.034)	(308.514)	(317.661)
Жыл ішіндегі резервтің таза өзгеруі (21-ескертпе)	514	8.034	66.376	74.924
Активті есептен шығару	-	-	29.203	29.203
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(599)	-	(212.935)	(213.534)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге міндеттемелер мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Өзге де қаржылық міндеттемелер		
Кәсіби қызметтер үшін кредиторлық берешек	9.785	17.000
Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар	39.279	16.325
Өзге де қаржылық міндеттемелер жиынтығы	49.064	33.325
Басқа қаржылық емес міндеттемелер		
Болашақ кезеңдердің кірістері	87.492	86.539
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	43.410	39.396
Қайырымдылық төлемдер шоты	17.942	20.000
Басқалары	8.929	20.000
Басқа қаржылық емес міндеттемелер жиынтығы	157.773	165.935
Өзге де міндеттемелер	206.837	199.260



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

16. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражаты шетелдік банктердің ағымдағы шоттарындағы жалпы сомасы 966.165 мың теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 691.764 мың теңге) қамтиды.

17. Клиенттердің қаражаты

31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттердің қаражаты мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы шоттар	32.211.284	6.071.159
Мерзімді депозиттер	2.322.103	2.656.137
Клиенттердің қаражаты	34.533.387	8.727.296
Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын (19-ескертпе)	2.322.103	2.656.137

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттердің 31.190.219 мың теңге (90,32%) мөлшеріндегі қаражаты он ірі клиенттің қаражаты болды (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 5.147.067 мың теңге (58,98%). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үш ірі клиенттің шоттарындағы қаражаттың жалпы сомасы 27.067.372 мың теңгені (78,38%) құрады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттердің қаражаты мынадай позицияларды қамтиды.

	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы шоттар		
Жеке меншік кәсіпорындар	31.864.634	5.934.168
Жеке тұлғалар	346.650	129.070
	32.211.284	6.063.238
Мерзімді депозиттер		
Жеке меншік кәсіпорындар	2.322.103	2.664.058
	2.322.103	2.664.058
Клиенттердің қаражаты	34.533.387	8.727.296

Төменде экономика салалары бойынша клиенттердің қаражатын бөлу келтірілген:

	2024 жыл	2023 жыл
Кәсіби қызметтер	19.049.540	-
Сауда	8.454.625	1.244.031
Құрылыс	3.417.306	5.123.904
Өнеркәсіптік өндіріс	1.457.500	1.314.958
Қаржылық жалдау	876.526	17.708
Жеке тұлғалар	468.318	182.382
Кәсіп және байланыс	249.085	39.845
Ауыл шаруашылығы	4.536	123
Энергетика	156	149.961
Отын өнеркәсібі	-	1.615
Басқалары	555.795	652.769
Клиенттердің қаражаты	34.533.387	8.727.296

18. Меншікті капитал

2024, 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің жарияланған, шығарылған және толық төленген жай акцияларының жалпы саны 10.000.000 акцияны құрайды. Акцияларды орналастыру құны бір жай акция үшін 1.005 теңгені құрады.

Банктің жарғылық капиталын акционерлер теңгемен енгізді және олардың дивидендтерге және жинаққа теңгемен кез келген бөлуге құқығы бар. Әрбір қарапайым акция бір дауысқа құқық береді. 2024, 2023 және 2022 жылдары дивидендтер есептелмеген және төленбеген.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

19. Шарттық және шартты міндеттемелер**Саяси және экономикалық жағдайлар**

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады. Банк басшылығы Банктің экономикалық тұрақтылығын ағымдағы жағдайларда қолдау жөнінде тиісті шаралар қолданады деп санайды.

Сот талаптары мен талаптары

Банк іскерлік операцияларға байланысты әртүрлі сот талқылауларының әлеуетті объектісі болып табылады. Банк мұндай түрлердің қанағаттандырылмаған немесе қауіп төндіретін талаптары жеке немесе жиынтығында Банктің қаржылық жай-күйіне немесе оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін деп санамайды.

Банк жөкелеген мән-жайлардың нәтижесінде туындайтын елеулі міндеттемелердің ықтималдығын бағалайды және міндеттеменің туындауына себеп болған оқиғалар орын алу ықтималдығы болғанда және міндеттеменің сомасы жеткілікті сенімділік дәрежесімен есептелуі мүмкін болғанда ғана өзінің қаржылық есептілігінде резервтер құрады. Банк жоғарыда сипатталған қандай да бір шартты міндеттемелер бойынша осы қаржылық есептілікте резервтер құрған жоқ.

Күтпеген салық төлемдері

Қазақстан Республикасындағы салық жағдайлары өзгеруге, бірізділіксіз қолдануға және түсіндіруге ұшырайды. Банктің және қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдар мен ережелерді түсіндіруде алшақтық қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімдер есептеуге әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстандық заңнама мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында және сондықтан кері күші болуы мүмкін әртүрлі түсіндірулер мен жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХКЕС-тің ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХКЕС-тің тиісті ережелерін түсіндіруі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін, бұл қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Баністе. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Банк басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Банктің салықтық ұстанымы негізделген деп санайды.

Шарттық және шартты міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық сипаттағы шарттық және шартты міндеттемелері мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер		
Шығарылған кепілдіктер	11.120.341	11.008.961
Исламдық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі міндеттемелер	2.563.271	1.205.424
	13.683.612	12.214.385
Клиенттердің шығарылған кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын қаражаты (17-ескертпе)	(2.322.103)	(2.656.137)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша ККЗ-ға арналған бағалау резерві	(2.424.672)	(970.925)

Қаржыландыру беру жөніндегі міндеттеме туралы келісім Банк үшін кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда, клиенттер тарапынан келісімдердің бұзылуын, қаржылық көрсеткіштердің және өзге де талаптардың нашарлауын қоса алғанда, Банктің келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығын көздейді.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

19. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аякталатын жыл ішіндегі ККЗ-ға арналған бағалау резервінің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Шығарылған кепілдіктер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиынты</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(258.858)	(79.126)	(464.691)	(98.000)	(900.675)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(522.175)	—	—	—	(522.175)
Өтелген активтер	124.512	70.349	41.252	—	236.113
2-кезеңге аударымдар	24.943	(24.943)	—	—	—
3-кезеңге аударымдар	163.208	—	(163.208)	—	—
Жыл ішіндегі ККЗ таза өзгеруі	(182.370)	(19.114)	(799.329)	30.658	(970.155)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(650.740)	(52.834)	(1.385.976)	(67.342)	(2.156.892)

Исламдық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі міндеттемелер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2024 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(35.078)	(28.560)	(6.612)	(70.250)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(57.363)	—	—	(57.363)
Өтелген активтер	5.562	—	565	6.127
2-кезеңге аударымдар	8.449	(8.449)	—	—
3-кезеңге аударымдар	2.192	—	(2.192)	—
Жыл ішіндегі ККЗ таза өзгеруі	(123.425)	(13.319)	(9.550)	(146.294)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(199.663)	(50.328)	(17.789)	(267.780)

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аякталатын жыл ішіндегі ККЗ үшін бағалау резервінің өзгерістеріне талдау берілген:

<i>Шығарылған кепілдіктер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиынты</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(219.640)	(14.423)	(385.484)	—	(619.547)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(246.423)	—	—	(98.000)	(344.423)
Өтелген активтер	179.995	6.504	30.522	—	217.021
2-кезеңге аударымдар	26.012	(26.012)	—	—	—
3-кезеңге аударымдар	13.195	7.920	(21.115)	—	—
Жыл ішіндегі ККЗ таза өзгеруі	(11.997)	(53.115)	(88.614)	—	(153.726)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(258.858)	(79.126)	(464.691)	(98.000)	(900.675)

Исламдық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі міндеттемелер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиынты</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға ККЗ арналған резерв	(27.057)	—	(497)	(27.554)
Жаңа құрылған активтер немесе сатып алынған активтер	(10.741)	—	—	(10.741)
2-кезеңге аударымдар	4.890	(4.890)	—	—
3-кезеңге аударымдар	1.193	—	(1.193)	—
Өтелген активтер	54	—	—	54
Жыл ішіндегі ККЗ таза өзгеруі	(3.417)	(23.670)	(4.922)	(32.009)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(35.078)	(28.560)	(6.612)	(70.250)



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

19. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**Сенімгерлік басқару операциялары**

Банк Вакала келісімдері бойынша алынған қаражатты инвестициялау кезінде агент ретінде әрекет етеді және Мудараба келісімдері бойынша Мудариб ретінде әрекет етеді:

	2024 жыл	2023 жыл
Мудараба		
Мудараба депозиттерінің 1 қаңтардағы пайдаланылмаған бөлігі	181.292	328.054
Алынған депозиттер	158.861	110.842
Алынған депозиттер	(84.825)	(257.604)
31 желтоқсандағы Мудараба депозиттерінің пайдаланылмаған бөлігі	255.328	181.292
Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша есептелген пайда	70.409	—
Вакала және Мудараба депозиттері бойынша клиенттерге келетін пайда	1.520	—

Банктің заңсыз іс-әрекеттері, немқұрайлығы немесе Банк келіскен шарттардың бұзылуы нәтижесінде депозиттер жоғалған жағдайларды қоспағанда, Банк Вакала мен Мудараба депозиттерінің пайдаланылған бөлігіне қатер төндірмейді және мұндай жағдайларда мұндай шығындарды Банк көтереді.

20. Тауарлық Мурабаха шарттары бойынша кірістер

2024 жылы Тауарлық Мурабаха шарттары бойынша кірістер тапуды тоқтатуға әкеп соқпайтын Тауарлық Мурабаха шарттары бойынша ақша ағындарының өзгерістері нәтижесінде түрлендіруден түскен 445.893 мың теңге мөлшеріндегі таза шығынды қоса алғанда, 1.054.446 мың теңгені (2023 жылы: 1.603.089 мың теңге) құрады (2023 жылы: 322.871 мың теңге).

21. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар және құнсызданудан болған өзге де шығыстар

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар берілген:

	Еск.	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	—	(1.688)	46.832	—	45.144
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7	(190.018)	(36.409)	(2.119.930)	(163.347)	(2.509.704)
Клиенттерге қарыздар	8	—	—	10.000	—	10.000
Вакала және Мудараба пұлдарына инвестициялар	9	—	—	35.061	—	35.061
Өзге де қаржы активтері	15	599	—	(59.728)	—	(59.129)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	19	(755.259)	37.916	(767.062)	30.658	(1.453.747)
		(944.678)	(181)	(2.854.827)	(132.689)	(3.932.375)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар берілген:

	Еск.	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	—	—	(13.463)	—	(13.463)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (Түзетілген)	7	(380.770)	(1.075.148)	709.380	340.174	(206.364)
Клиенттерге қарыздар	8	—	—	9.000	—	9.000
Вакала және Мудараба пұлдарына инвестициялар	9	—	—	246.090	—	246.090
Өзге де қаржы активтері	15	514	8.034	66.376	—	74.924
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	19	(92.529)	(70.281)	(63.014)	(98.000)	(323.824)
		(472.785)	(1.137.395)	954.369	442.174	(213.637)

Төменде басқа қаржылық емес активтердің құнсыздануына бағалау резервтерінің қозғалысы берілген:

	2024 жыл	2023 жыл
2024 жылғы 1 қаңтарға	—	208.853
(Есептеу)қалпына келтіру	—	208.853
2024 жылғы 31 желтоқсанға	—	—



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

22. Таза комиссиялық кіріс

Таза комиссиялық кіріс мынадай позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Шығарылған кепілдіктер	520.526	516.650
Аударым операциялары	80.018	25.886
Клиенттердің шоттарын жүргізу	9.400	6.103
Кассалық операциялар	8.414	10.967
Агенттік комиссия және Вакала келісімдері бойынша сыйақы және Мударибтің Мудараба шарттары бойынша пайдадағы үлесі (19-ескертпе)	1.710	250
Басқалары	4.080	3.978
Комиссиялық кірістер	624.148	563.834
Аударым операциялары	(141.231)	(10.574)
Басқалары	(173.581)	(55.409)
Комиссиялық шығыстар	(314.812)	(65.983)
Таза комиссиялық кіріс	309.336	497.851

23. Персоналға арналған шығыстар және өзге операциялық шығыстар

Персоналға арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар мыналарды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Жалақы және сыйлықақылар	763.540	402.078
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	86.908	48.306
Персоналға жұмсалатын шығыстар	850.448	450.384
Тозу және амортизация (10, 11 және 12-ескертпелер)	289.808	245.938
Бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық қолдау	100.612	60.165
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	55.118	42.430
Кәсіби қызметтер	34.915	32.384
Байланыс қызметтері	29.632	29.733
Күзет қызметтері	28.201	22.862
Инкассация	22.706	9.094
Іссапар шығыстары	13.519	4.822
Мүшелік жарналар	10.633	9.936
Коммуналдық қызметтер	7.566	6.525
Көлік шығыстары	3.872	2.130
Кеңсе керек-жарақтары	2.778	1.426
Жалға алу	2.457	2.460
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	2.357	25.655
Жарнама және маркетинг	1.165	1.187
Өкілдік шығыстар	206	175
Басқалары	52.026	43.221
Басқа операциялық шығыстар	657.571	549.143



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару

Кіріспе

Банктің қызметіне тәуекелдер тән. Банк тәуекелдерді басқаруды айқындаудың, бағалаудың және қадағалаудың тұрақты процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және өзге де ішкі бақылау шараларын белгілеу арқылы жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Банктің тұрақты рентабельділігін қолдау үшін шешуші мәнге ие және Банктің әрбір жеке жұмыскері оның міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады. Банк кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне, Шарғат қағидаттарына сәйкес келмеу тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды. Банк операциялық тәуекелдерге де ұшырайды.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, ортаның, технологияның өзгеруі немесе саладағы өзгерістер сияқты қызметті жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді Банк стратегиялық жоспарлау процесі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару процесі Банк тұрақты негізде жүзеге асыратын тәуекелдерді сәйкестендіруді, өлшеуді, бақылауды және лимиттеуді қамтиды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді айқындау және оларды бақылау үшін Директорлар кеңесі жалпы жауаптылықта болады, алайда тәуекелдерді басқару және бақылау үшін жауап беретін жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсілі үшін, тәуекелдерді басқарудың стратегиясы мен қағидаттарын бекіту үшін жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Банктегі тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты рәсімдерді енгізуге және жүргізуге жауап береді.

Бөлімше қызметінің негізгі мақсаты Банк жүргізетін операциялардың түрі мен көлемін ескере отырып, оның тәуекелдерін тиімді айқындауды, бағалауды және шектеуді қамтамасыз ететін тәуекелдерді анықтау және бақылау әдістерін қолдануды көздейтін Банк тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесін құру және оның жұмыс істеуі болып табылады. Осы бөлімше сондай-ақ тәуекелді бағалау және тәуекелдер туралы есептілік жүйесінде толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді.

Банктің Қазынашылығы

Банктің Қазынашылығы Банктің активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржы құрылымын басқару үшін жауап береді. Қазынашылық сондай-ақ Банктің өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауаптылықта болады.

Ішкі аудит

Банкте өтетін тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын ішкі аудит бөлімшесі аудиттейді, ол рәсімдердің жеткіліктілігін де, Банктің осы рәсімдерді орындауын да тексереді. Ішкі аудит бөлімшесі жүргізілген тексерулердің нәтижелерін басшылықпен талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсынымдарын Банктің Директорлар кеңесіне ұсынады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Банктің тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында болуы ықтимал күтілетін залалды да, статистикалық модельдер негізінде неғұрлым нақты шығындарды бағалауды білдіретін күтпеген залалдарды да көрсететін әдіс арқылы бағаланады. Модельдерде өткен тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген ықтималдық мәндері қолданылады. Банк сондай-ақ ықтимал емес деп саналатын оқиғалар орын алған жағдайда орын алатын «ен нашар сценарийлерді» модельдейді.

Тәуекелдерді мониторингілеу және бақылау, ең алдымен, Банк белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер Банк жұмыс істейтін қызметті жүргізу стратегиясы мен нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді, бұл ретте жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты тәуекелдерді көтерудің өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерделенеді және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға және әрбір бөлімшенің басшыларына түсіндірмелермен ұсынылады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды кредиттік көрсеткіштер, тәуекелдің белгіленген лимиттерінен алып тастаулар, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат қамтылады. Ай сайын салалар, клиенттер және географиялық өңірлер бөлінісінде тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады. Ай сайын кредиттік комитет кредиттік залалдарға резерв құру қажеттілігін айқындайды. Директорлар кеңесі тоқсан сайын Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтитын тәуекелдер туралы толық есеп алады.

Банк барлық деңгейлер үшін тәуекелдер туралы әртүрлі есептер жасайды, олар Банктің барлық бөлімшелеріне ауқымды, қажетті және өзекті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылады.

Апта сайын банктің өзге бөлімшелерінің басшыларын немесе жұмыскерлерін шақыра отырып, Банк Басқармасының отырысы өткізіледі, онда тәуекелдің жол берілетін деңгейін қолдау жөніндегі жұмыс талқыланады. Тәуекел деңгейінің ұлғаюы және/немесе тәуекел лимитінің бұзылуы анықталған жағдайда отырыс жиі өткізіледі.

Тәуекелді төмендету

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Банк пайда мөлшерлемелеріндегі, айырбастау бағамдарындағы, кредиттік тәуекелдердегі өзгерістер салдарынан туындайтын тәуекелдерге, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Банк өзінің кредиттік тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді пайдаланады (қосымша ақпарат төменде ашылған).

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы

Тәуекелдің шоғырлануы бірқатар контрагенттер қызметтің ұқсас түрлерін жүзеге асырған немесе олардың қызметі бір географиялық өңірде жүргізілген немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болған жағдайда туындайды және экономикалық, саяси және өзге де жағдайлардағы өзгерістер нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Банк қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық өңірге әсер ететін жағдайлардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін Банктің саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттарды қамтиды. Кредиттік тәуекелдің белгіленген шоғырлануын бақылау және басқару жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - клиенттері немесе контрагенттері өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан Банк залалға ұшырайтын тәуекел. Банк кредиттік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу жолымен, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген лимиттерін сақтау мониторингінің көмегімен басқарады.

Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредиттік рейтинг беретін кредиттік тәуекелді бақылау жүйесін пайдалана отырып айқындалған. Рейтингітер үнемі қайта қаралады. Кредиттік саланы тәуекелді бақылау Банкке өзі ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге байланысты тәуекелдер

Банк өз клиенттеріне Банктің клиенттердің атынан төлемдер жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін кепілдіктер алу мүмкіндігін ұсынады. Клиенттер мұндай төлемдерді Банкке кепілдіктер мен аккредитивтер беру шарттарына сәйкес өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Банк қаржыландыру бойынша тәуекелдерге ұқсас және тәуекелдерді бақылау рәсімдері мен салсатынын көмегімен төмендетілетін тәуекелдерді көтереді.

Қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны, өзара есеп беру туралы бас келісімдерді және қамтамасыз ету туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелді төмендету әсерін ескермегенде, осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін неғұрлым дәл көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат жеке ескертпелерде берілген. Қамтамасыз етудің және тәуекелді төмендетудің өзге де әдістерінің әсері «Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек» атты 7-ескертпеде, «Клиенттерге қарыздар» атты 8-ескертпеде, «Вакала және Мудараба пулдарына инвестициялар» атты 9-ескертпеде және «Шарттық және шартты міндеттемелер» атты 19-ескертпеде берілген.

Құныздануды бағалау

Банк тиімді пайда мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін ақша қаражатының толық алынбауын бағалау үшін ықтималдықты ескере отырып сараланған бірнеше сценарийлер негізінде ККЗ есептейді. Ақша қаражатын толық алмау - бұл шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма. ККЗ есептеу тетігі төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар болып табылады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдығы</i> берілген уақыт аралығында дефолттың басталу ықтималдығын есептік бағалауды білдіреді. Егер активті тану тоқтатылмаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса, қаралып отырған кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана дефолт болуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD)	<i>Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама</i> шартта немесе өзгеше түрде көзделген борыш пен пайданың негізгі сомасын төлеуді қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшырайтын шаманы есептік бағалауды білдіреді төлемдердің кешіктірілуі нәтижесінде есептелген.
Жоғалту деңгейі дефолт кезінде (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі</i> белгілі бір уақыт сәтінде дефолт туындаған жағдайда туындайтын шығындарды есептік бағалауды білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылыққа сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы орын алса, ККЗ-ға арналған бағалау резерві активтің қолданылу мерзімі ішінде туындауы күтілетін кредиттік залалдар (бүкіл мерзім ішінде немесе ККЗ-ға күтілетін кредиттік залалдар) негізінде есептеледі, керісінше жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік сомаға тең сомада есептеледі шығындар (12 айлық ККЗ). 12 айлық ККЗ - есепті күннен кейін 12 ай ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККЗ-ны білдіретін бүкіл мерзімдегі ККЗ бөлігі, ККЗ барлық мерзімге және 12 айлық ККЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай не жеке негізде, не топтық негізде есептеледі.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Банк бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу арқылы саясатты әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Банк өзіне берілген исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті мынадай топтарға біріктіреді:

- 1-кезең: Қаржы құралын бастапқы тану кезінде Банк бағалау резервін 12 айлық ККЗ-ға тең сомала таниды. 1-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекел 2-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін азайған қаржы құралдары жатады.
- 2-кезең: Егер қаржы құралының кредиттік тәуекелі бастапқы танылған сәттен бастап едәуір ұлғайса, Банк бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомала бағалау резервін таниды. 2-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекел 3-кезеңнен аударылатындай дәрежеге дейін азайған қаржы құралдары жатады.
- 3-кезең: Кредиттік құнсызданған қаржы құралдары. Банк бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомала таниды.
- СҚКҚ: Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер (СҚКҚ) – бұл бастапқы тану сәтінде кредиттік құнсыздану болған қаржы активтері. СҚКҚ-ны бастапқы тану кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген пайданың тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып есептелген қаржылық түсім танылады. ККЗ-ға арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде ККЗ сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады.

Дефолтты және сауықты анықтау

Банк қаржы құралы бойынша дефолт болды деп есептейді, демек, клиент шартта көзделген төлемдерді 60 күннен астам мерзімге кешіктірген кез келген жағдайда оны ККЗ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге (кредиттік құнсызданған активтер) жатқызады. Банк банктардағы қаражатқа қатысты дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күнді жабу кезінде жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті бір күндік төлемдер жүргізілмесе, оны жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалық бағалау шеңберінде Банк сондай-ақ төлемнің ықтималдығы шамалы екенін көрсететін бірқатар оқиғаларды қарайды. Осындай оқиғалар орын алған жағдайда Банк мұндай оқиғаның дефолтқа әкеліп соқтыратындығын және активтерді ККЗ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге жатқызу қажеттігін немесе 2-кезең қолайлы болатынын мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- Дефолтты немесе дефолтқа жақындығын көрсететін клиенттің ішкі рейтингі;
- Қаржыландыру берілген сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюынан туындаған клиент берешегінің бір бөлігін және/немесе барлық сомасын есептен шығару;
- Қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қаржы құралын өтеу күтілетін кезде қамтамасыз ету құнының елеулі азаюы;
- Клиенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты қайта құрылымдау;
- Борышкердің елеулі қаржылық қиындықтары туралы негізделген және дұрыс ақпараттың болуы; және
- Клиенттің банкроттық туралы өтініш беруі.

Банк саясатына сәйкес қаржы құралдары «сауықтырылған» деп есептеледі және тиісінше дефолттың басталуы критерийлерінің ешқайсысы қатарынан он екі ай бойы байқалмаған не құнсызданудың қалған белгілері болмаған кезде қаржы құралының рейтингі жақсы жаққа өзгерген кезде 3-кезеңнен аударылады. Активті «сауыққан» жағдайда 2-кезеңге немесе 1-кезеңге жатқызу қажеттілігіне қатысты шешім қалыптастыру сәтіндегі кредиттік рейтингтің қайта қаралған деңгейіне және бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюының болғанын бағалауға байланысты болады.



(Егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Ішкі рейтингті беру және дефолт ықтималдығын бағалау процесі*

Клиенттер бойынша қаржы құралының сапасын рейтингтік бағалау ұсынылған бизнес-жоспар бойынша (бөлшек қаржыландырудан басқа) қаржыландыруды (кепілді) қамтамасыз ету бойынша кредиттік қабілеттілік сыныбына (клиенттің қаржы-экономикалық жай-күйін талдау нәтижелері бойынша берілген) негізделеді. Бұдан басқа, қаржыландыру мерзімі, қаржыландырылатын жобада клиенттің меншікті қаражатының болуы, қызмет саласы, кәсіпорынның жұмыс істеу мерзімі, басқа кәсіпорындар алдында кредиторлық берешектің болуы, клиенттің кредиттік тарихы және ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем тәртібі сияқты факторлар ескеріледі.

Берілген ішкі кредиттік рейтингтерге байланысты ағымдағы кешіктірулердің болуы, қайта құрылымдаулардың саны, жеңілдікті кезеңнің болуы, мақсатты/мақсатсыз пайдалану туралы ақпарат, елеулі қаржылық қиындықтар туралы ақпараттың болуы, клиенттің шоттарындағы тыйым салулар және т.б. факторларды ескере отырып, ККЗ одан әрі есептеуге арналған кезеңдер бойынша қаржы құралы бөлінеді.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Брокер-дилерлер, биржалар және клирингтік ұйымдар сияқты контрагенттермен қатынастарды қамтитын Банктің қазынашылық қатынастары есепті жылы болмаған. Көрсетілген қатынастар туындаған жағдайда талдауды Банктің Қазынашылығы жүргізеді.

Банктің клиенттерді бағалауы қаржы құралының (корпоративтік/бөлшек) түріне байланысты жүргізіледі. Корпоративтік қаржы құралы үшін бағалау моделі, оның ішінде клиенттің бухгалтерлік есебінің деректеріне, болашақ ақша ағындарының болжамына, ұсынылған бизнес-жоспарға негізделген бағалау моделі пайдаланылады. Бөлшек қаржы құралы үшін бағалау үшін клиенттердің кредиттік скорингінің моделі қолданылады.

Коммерциялық қаржыландыру

